A panoramic view of Rome, Italy, featuring the Pantheon and St. Peter's Basilica. The image shows a dense urban landscape with terracotta roofs, domes, and classical architecture under a clear sky. The Pantheon is prominent on the left, and St. Peter's Basilica is on the right. A semi-transparent white box with a thin black border is centered in the lower half of the image, containing text in a bold, brown, sans-serif font.

**Батыс мәдениетін
пен өркениеттерін
дамуының басты
кезеңдері**

Жоспар:



Ортағасыр мәдениеті



Қайта өрлеу мәдениеті




Жаңа дәуір мәдениеті



Ортағасыр мәдениеті

Рим империясы құлағаннан кейін Батыс Еуропада орта ғасырлар дәуірі басталды. Бұл ұзақ жылдарға созылды. Империя жеріне енді солтүстіктен әр түрлі халық, тайпалар қоныстана бастады. Әсіресе солтүстіктен герман халықтары көптеп келді. Ал олардың мәдени деңгейі римдіктерге карағанда әлдеқайда төмен еді. Сондықтан да римдіктер оларды "варварлар" деп атады. "Варварлар" ("жабайы") мәдениет көзін дұрыс түсінбегендіктен, Батыс Рим мемлекетіне қатты соққы беріп, антикалық өнер шығармаларын қиратты. Қалған өнер көздері римдіктер христиандінің қабылдағаннан кейін ғана өзінің әсемдігін, зәулімдігін сақтап қалды. Қиратылған мемлекеттер орнында бірнеше "жабайылар" корольдігі пайда болды, солардың ең мықтысы франктер мемлекеті еді. Бұл мемлекеттегі меровингтік және каролингтік әулеттер дәуірінде өнер қанатын кең жайды. Мұнда "варварлардың" өсерімен қөлөнер дами түсті. Тоқып жасаған заттар, ою-өрнек бірін-бірі қайталамайтын әсем ырғақтардан тұрды.

Осы кезеңде кітап безендіру ісі де жоғары сапаға ие бола бастады. Көбінесе монастырьларда монахтар "Библияны", тағы басқа кітаптарды көшіріп, көркемдеді. Мұндай кітап көркемдеуді "миниатюра" деп атады.





Қайта өрлеу мәдениеті

Орта ғасырлар тарихы деп аталатын дәуірде дүниежүзілік мәдениет пен өнер тарихында жаңа кезең басталды. Бұл кезең — "Қайта өрлеу мәдениеті" деген атпен тарихқа енді. Қайта өрлеу дәуірінің алғаш дамыған жері Италия елі болды. Ол дамыған, өркендеген мемлекет еді. Онда саяси, рухани-эстетикалық көзқарастар туып, адамдардың ой өрістерінің көмегімен әрекет жасауға болатынына көздері жете бастады. Сондықтан ғылымға деген, әлемнің тұңғыық сырларын ашуға деген құштарлықтары арта түсті. Бұл ғылым мен өнерге барынша ден қоюға жол ашты. XV—XVI ғасырларда өмір сүрген Италияның мәдениет қайраткерлері өз дәуіріндегі өнер өрісін өте жоғары бағалады. Енді Батыс Еуропада өркендеу дәуірі қалыптаса бастады. Мұндағы басталған өнер, әдебиет, мәдениет, ғылым саласындағы бетбұрыс — бірте-бірте Англия, Германия, Франдия, Испания, Голландия және тағы басқа елдерге тарады. Қайта өрлеу мәдениеті антикалық өнер мұраларының үлгісіне байланысты болды. Бірақ ол көнені қайталау емес еді, өнер уақыт талабына сай мазмұны жағынан байи түсті, жаңа стильдер қалыптасты. Қайта өрлеу дәуірі туғызған қайраткерлер білімді, шын мәнінде сегіз қырлы, бір сырлы адамдар болды. Олар әлемді зерттеуден жалықпады. Бұл дәуір суретшілері анатомия, математика, философиямен тереңдей шұғылданды. Сондықтан да ренессанс шеберлері көркемдік мәні терең реалистік өнер үлгілерін, болашақ ұрпақтарға тарту етті. Италияның Қайта өрлеу дәуірі екіге бөлінеді,бірі—XV ғасыр. Алғашқы қайта өрлеу, ал екіншісі — XVI ғасырдағы Жоғары кайта өрлеу дәуірі. Алғашқы қайта өрлеу дәуірінің негізгі дамыған орталығы Флоренция болды, кейін XVI ғасырда Римге ауысты. Мұндағы түбірлі өзгеріс сәулет саласында болды. Сәулетшілер Италияда етек жайған романдық және готикалық стильдерден біржолата бас тартты. Қайта өрлеу дәуірінің ең белгілі ғимараты — Римдегі Әулие Петр кцмбезі. Бұл ғимарат жүз жылдан астам уақыт бойы тұрғызылды. Құрылыстың алғашқы жобасын жасаған сәулетшілер — Браманте мен Микеланджело есімдерін айтуға болады. Сәулетші Микеланджело биіктігі 132 метрлік зор күмбезді салуды ойластырған.



Қайта өрлеу дәуірінің
аса көрнекті
гуманистері:



Петрарка



Данте



Боккаччо




Жаңа дәуір мәдениеті

Еуропа үшін жаңа заман (XVII—XIX ғасырлар) мәдениеттің дамуындағы маңызды тарихи кезең болып саналады.

Бұл дәуірдің әр ғасыры тарихи уақиғаларға, мәдени төңкерістерге толы. Жаңа заман — өнеркәсіптік өркениеттің қарыштап алға басып, қоғамның барлық салаларында түбегейлі өзгерістердің белең алғандарға байланысты жаңа сипатқа, жаңа мазмұнға ие болды. Ғылымның дамуына еркіндіктің берілуі қоғамдық сананы жаңа сатыға көтерді. Қоғамдық өмірдің барлық салаларында жетекші орынға ие бола бастаған ғылым — адамдардың нәсіліне, ұлтына, табына қарамастан халықтың рухани дүниесін байытуда айтарлықтай рөл атқарды. Мемлекет тарапынан жасалынған үлкен қамқорлықтың арқасында XVII ғасыр ғылыми революцияның даму қарқыны өте жоғары болды. Ғылыми революция математика және механика саласында басталды да, басқа ғылым салаларындағы ғылыми жаңалықтармен жалғасты.





Назарларыңызға

Ата, бұл малдың бәрін қайда алып бара жатырсыз?

Бұл мал емес, ДИПЛОМ!
Мал өне кетіп бара жатыр

